

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Акушерлік және гинекология кафедрасы


СРС ЖҮКТІЛІК ЖӘНЕ ТУБЕРКУЛЕЗ

Орындаған: Бектұрған П.Қ.
4-032 ЖМФ
Тексерген: Утепбаева Р.Ж.

Қарағанды қ, 2016 ж

ЖОСПАР

1. Мәселенің дәрігерлер үшін маңыздылығы
 - Ананың ТМБ балаға жұқтыру мүмкіншілігі
 - Баладағы БЦЖ вакцинасының маңызы
2. Жұғу жолы
3. Ықпал етуші факторлар
4. Патогенезі
5. Диагностикасы және емі
6. Асқынуы
 - Жүктілікті үзудің көрсеткіштері
7. Қорытынды



Бұрынғы фтизиатрлардың айтқан сөзі бар :“Туберкулезбен ауыратын қыз жүкті болып қалмау керек, жүкті болған босанбау керек, босанған емшекпен емізбеу керек “

Әрине туберкулез және жүктілік аса көңіл бөлетін жағдай

ТУБЕРКУЛЕЗ ЖӘНЕ ЖҮКТІЛІК

*Туберкулез және жүктілік-
дәрігерлер үшін өзекті мәселе.*

Әйелдер туберкулездің барлық түрімен ауырады. Көбінесе, шектелген түрі басым болады, фиброзды-каверноды түрі сирек кездеседі. Қазіргі кезде мұндай науқастар саны төмендеген, себебі әйелдер кеңесінде қауіп-қатер тобына жататын жүктілер арасында кеңінен туберкулезге қарсы шаралар жүргізіледі.



-
- туберкулез ауруымен көбіне жүктіліктің бірінші триместрінде ауыру жиілігі екінші триместрге қарағанда екі есе жоғары
 - патологиялық процесс жедел және қолайсыз өтеді
 - егер де ауыр түрі болатын болса өкпе тіндерінің ыдырауына және туберкулез таяқшаларының бөлінуіне алып келеді, ал ол өз кезегінде өкпенің, трахея, жұтқыншақ, бронхылардың құрылымының өзгерісіне алып келеді
 - жүкті әйелдерде көбіне өкпенің бір бөлігінің зақымдануы 70-75% көрсетеді

ЖҰҒУ ЖОЛЫ



Туберкулезі бар анадан сау бала тууы әбден мүмкін.

*Ал туберкулезбен нәрестенің құрсақішілік зақымдануы *M. Tuberculosis* кіндік венасы, плацента, амниотикалық сұйықтықты жұтуы нәтижесінде болады.*

ЖҰҒУ МҮМКІНШІЛІГІ

- Туберкулезбен ауырған аналардан бала аман сау болып туылады. Тек кейбір жағдайларда ғана іштегі инфекция жұғуы мүмкін. Көбінесе нәрестелер туғаннан кейін анасынан ТМБ жұқтырады. Сол себепті жаңа туған нәрестені емшекпен емізуге тек ТМБ бөлмейтін, белсенділігі жоқ туберкулезбен ауыратын аналарға рұқсат етіледі.

Туберкулездік процесстің көрінісі:

1. Белсенділігі

- активті емес түрі, жүктілік кезінде ешқандай асқынулар болмайды
- активті процесс, жүктілікке дейін дамыған, емделмеген немесе емді толық аяқтамаған, жүктілік кезінде асқынады

2. Аурудың пайда болу уақыты

- Біріншілік туберкулез, жүктілікке дейін дамыған және осы түрі қауіпті болып табылады
- Екіншілік туберкулез ,жүктіліктен кейін дамыған

Аурудың формасы

- Жайылған және деструктивті аса қауіпті түрі
- туберкулездің жедел ағымды түрі де қауіпті, сонымен қатар созылматы деструктивті процесс, туберкулез микобактериясының көптеген дәрілерге тұрақтылығы қауіп болып саналады
- бүйрек туберкулезі жағымсыз процесс, себебі жүктілік кезінде бүйрекке жүктеме жоғары болады да, ол латентты формасына айналады
- генитальды туберкулез, сирек кездеседі. Бірақ эндометрит туберкулезімен қоса болған жағдайда қауіп факторына жатады, ағымы қолайсыз

Жүктілік кезінде және жүктіліктен кейін уақытты туберкулездің пайда болулары себептері :

1. адам организміндегі барлық жүйелердің Шамадан тыс жүктемесі.
2. гормональды қайта құрылу.
3. ана ағзасына кальция тапшылығы.
4. темірдің үлкен мөлшерде Жоғалуы ,ол макрофаг активтілігінің төмендеуіне алып келеді
5. босану актысынан кейін организмнің әлсіреуі, осы уақытта қан жоғалту, лактация кезінде қажет биологиялық компоненттердің жоғалтулары


Сонымен қатар аурудың ағымына организмдегі өзгерістер де әсер етеді:

организмнің иммунды қорғануының төмендеуі, жүйке жүйесінің, тыныс алу,жүрек қантамыр жүйесінің өзгерісі.

ВАКЦИНАНЫҢ МАҢЫЗЫ

- Туберкулезбен ауыратын аналардан туылған нәрестеге басқа балалар сияқты БЦЖ вакцинасы енгізіледі. Бірақ, анасы туберкулездің активті ашық түрімен ауырса 3 ай бойы анасынан бөлектеліп химиопрофилактика жасалынады. Содан, Манту сынамасы теріс болғанның өзінде, вакцинациядан кейін нәрестені анасынан бөлек 2 ай ұстайды, өйткені осы уақыт аралығында туберкулезге қарсы иммунитет қалыптасады. Вакцинациядан кейін баланы шешесінен бөлек ұстауға мүмкіндік болмаса немесе нәрестеде вакцинация жасауға қарсы көрсеткіштер болса, оларға химиялық алдын алу жүргізіледі.

ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАР



- Жүктілік кезінде туберкулездің туындауына ықпал етуші факторлар:
- Әлеуметтік-тұрмыстық факторлар
- Үй жайы
- Отбасылық қарым-қатынас
- Темекі шегу
- Алкоголь қабылдау

ПАТОГЕНЕЗІ

- *Жүктілік және босану эндокринді жүйенің, иммунитет ағзаларының қызметін, зат алмасу барысын өзгеріске ұшыратады. Іштегі нәрестенің зат алмасу өнімдерінің бөлінуі ана ағзасына қосымша жүктеме береді, сондықтан туберкулезге шалдығуға мүмкіндік туады. Туберкулездің дамуы эндогенді инфекцияның активті түрге көшуінде байланысты болады, жас әйелдер арасында ТМБ жұқпаған контингент көптеп саналады, сол себептен оларда туберкулез ауруы ТМБ алғаш рет жұғу нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Жүктілікке дейін пайда болған туберкулезбен салыстарғанда, жүктілік кезінде және босанғаннан кейінгі кезеңде пайда болған туберкулездің ағымы ауыр түрде өтеді. Туберкулез жүктіліктің кез-келген кезеңінде пайда бола алады, бірақ ол жүктіліктің бірінші жартысында жиі кездеседі. Туберкулез үрдісінің үдеуі босанғаннан кейінгі кезеңде, алғашқы алты айда жиі кездеседі*

КЛИНИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

- ❑ *Жүктіліктің бірінші триместрінде пайда болған өкпе туберкулезінің өзіне тән ерекше белгілері болмайды, оны жүктілік токсикозымен шатастырып алуымыз әбден мүмкін, ол туберкулез диагнозын қоюды қиындатады.*

Науқаста:

- ❖ *Әлсіздік*
- ❖ *Нашар күй*
- ❖ *Тәбеттің төмендеуі*
- ❖ *Арықтау көрінеді.*

Жүктіліктің екінші жартысында жайылған инфильтратты немесе казеозды ыдыраулы үрдістердің дамуына қарамастан науқастың жағдайында елеулі өзгерістер байқалмайды.



ДИАГНОСТИКА



- *Туберкулезбен ауыратын жүктілерде міндетті түрде қақырықтың бактериологиялық, бактериоскопиялық, ортаға себу зерттеу әдістері жасалынады. Қақырық аз мөлшерде болғанда ықпалдаушы ингаляциялар қолданылады. Рентгенологиялық зерттеу шектеулі дозада жасалуы тиіс. Рентгеноскопия және флюорографияны қолдануға тиым салынады. Сондай-ақ төмен дозалы сандық компьютерлік рентгенография жасауға болады(КТ емес). Рентгенолог сәулені тура кеуде қуысына бағыттап, құрсақ қуысын, жамбас бөлімдерін резеңкелі қорғасындалған алжапқышпен дұрыстап жабуы тиіс.*

АСҚЫНУЫ

□ *Өкпе туберкулезбен ауыратын жүкті әйел → қанда оттегінің жетіспеушілігі → гипоксия → өкпе жүректік жетіспеушілік → фетоплацентарлы жетіспеушілік → мерзімінен бұрын босану.*

Туберкулездігі интоксикация бұл процесстерді үдетеді.



ЖҮКТІЛІКТІ ҮЗУГЕ КӨРСЕТКІШТЕР



- ▣ *Осы уақытқа дейін туберкулезбен ауыратын науқастарда медициналық көрсеткіштер бойынша жасанды түрде жүктілікті үзу міндетті болатын. Қазіргі таңдағы жаңа диагностикалық әдістерге, алдын алу шараларына, туберкулезді емдеудегі жаңа комплексті емдеу әдістері (антибиотиктер, химиопрепараттар, жасанды пневмоторокс, өкпеге және өкпе қуысына операция) ана мен нәрестенің денсаулығын қадағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жүктілікті үзу әйел денсаулығын жақсартпаған, керісінше, туберкулез өрши түскен.*

Жүктілікті үзуге арналған қарсы көрсеткіштер

Туберкулездің активті түрлері

- біріншілік туберкулез инфекциясы
- өкпе және де басқа органдардың туберкулезі
- ішек, шаырқай, лимфа түйіндерінің туберкулезі
- Сүйек және буындардың туберкулезі
- зәр шығару жүйесінің туберкулезі, т.б.

Жүктілік кезіндегі нақты қарсы көрсеткіштер

- фиброзды –кавернозы және кавернозды туберкулез
- Созылмалы диссмирленген туберкулез
- Туберкулездің қаннты диабет және де сол сияқты созылмалы аурулармен қосарлануы
- Ең алғаш анықталған инфилтративті туберкулез, ыдырау сатысында
- Зәр шығару жүйесінің туберкулезі , ХПН I—III дәрежесі

Жүктілікті сақтауға болады:

- спецификалық ем курсы аяқтаған және активті емес туберкулез кезінде
- активті туберкулез болған жағдайда формасы жеңіл болғанда,
- ошақты өкпе туберкулезінде
- Инфилтративті туберкулез
- Экссудативті плеврит кезінде

Бұл аурулар емделген жағдайда алдын алуға болады

Туберкулезді анықтау үшін

қолданылатын клиникалық әдістер

1. Анамнез жинау, шағымдарын дұрыс сұрастыру
2. жалпы клиникалық зерттеулер:
 - ✓ ОАК: таяқша тәрізді нейтрофильдердің проценті жоғарылайды, жас формалардың пайда болуы, эозинопения, моноцитоз
 - ✓ б/х: гипопротеинемия, гиперфиброгенемия
 - ✓ ОАМ: протеинурия, пиурия, гематурия

Манту сыналасы

Теріішілік, туберкулез бацилласының сығындысы туберкулин енгізуге негізделген, туберкулез ауруын анықтауда қолданылатын аллергиялық сынама. Зерттеу жүкті әйелдің өзіне және отбасы мүшелеріне жүргізіледі:

- нормергиялық реакция – папула турінде 10 мм аспайды
- гиперергиялық реакция – папула 16-20 ммден асатын немесе везикула, пусула

Туберкулез микобактериясын зерттеу

1. бактериоскопиялық зерттеу: қақырыққа, бронхылардан жұғынды, нефротуберкулезге күдік болғанда зәрді зерттеу
2. культурасын зерттеу: туберкулез бактериясын бак. посев.(Левенстейн Йенсен әдісі)
3. ПЦР

Рентгенологиялық зерттеу

- Кеуде клеткасының рентгенографиясы- анасының кеуде клеткасына қарағанда ұрыққа тігінен жүргізген рентгенологиялық тексеріліс кезінде сәулелену қаупі 10 есе аз
- Алдын алу:
 - ✓ резиналы фартук
 - ✓ жүктіліктің 12 аптасынан кейін жүргізу
- Болмайды: флюорография және рентгеноскопия
- Оптимальді: төмен дозалы Рграфия, нефротуберкулез болған жағдайда экскреторлы урография, хромоцистоскопия, ретроградты пиелография

ЕМІ

Жүкті әйелдер, бала емізетін аналар туберкулез ауруханасында немесе санаторийларда емделеді. Препараттар керекті мөлшерде белгіленеді. Дәрілерді таңдау кезінде кейбір препараттардың диспенсиялық бұзылыстар түрінде жанама әсері пайда болуы екендігін ескеру қажет.

Қатері біршама төмен препараттар:

□ Изониазид

Улы әсері бар препараттар(іштегі нәрестеде түрлі кемістіктер пайда болуына байланысты жүктілерге мүлдем қолданылмайды):

□ Стрептомицин

□ Канамицин

□ Этамбутол

□ Этионамид


□ Рифампицин

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, туберкулезбен ауыратын болашақ ананың немесе нәрестелі ананың болашақта сауығып кетуі тек дәрігерлердің ғана еншісінде емес, сонымен қатар аналардың маңызды рөлін умытпайық



Сонда ғана сіз қалаған сәбидің сау болуы күмәнсіз



Сондықтан “болшақ ана” сіздің ұқыптылығыңыз сіздің балаңыздың сау болуының кепілі



***КӨՆІЛ ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!***